

Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің табиғи кальций фосфаттарына, табиғи алюминий-кальций фосфаттарына және ұнтақталған фосфат ұнына қатысты кедендік әкелу бажының ставкасын белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 2 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 18 -тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 2510 20 000 0 кодымен сыныпталатын табиғи кальций фосфаттарына, табиғи алюминий-кальций фосфаттарына және ұнтақталған фосфат ұнына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының ставкасы (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) 2021 жылғы 5 қаңтардан бастап 2024 жылғы 4 қаңтарға дейінгі аралықта 0 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне 4С ескертпедегі "01.09.2018 бастап қоса алғанда 04.01.2021 дейінгі аралықта" деген сөздер "05.01.2021 бастап қоса алғанда 04.01.2024 дейінгі аралықта" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2021 жылғы 5 қаңтардан бастап туындайтын құқықтық қатынастарда қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович